

**"Мемлекеттік тапсырманы әзірлеу және орындау қағидаларын бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 236
бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 25 қантардағы № 60 бұйрығы . Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 8 ақпанда № 16326 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Мемлекеттік тапсырманы әзірлеу және орындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 236 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10839 болып тіркелген, 2015 жылғы 15 шілдеде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік тапсырманы әзірлеу және орындау қағидаларында:

4-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі респубикалық бюджетті әзірлеу кезінде бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға бюджеттік өтініммен, бюджеттік бағдарламалардың жобаларымен, стратегиялық жоспарлардың жобаларымен немесе стратегиялық жоспарларға өзгерістер мен толықтырулардың жобаларымен бірге Кодектің 41-бабының 2-тармағында белгіленген талаптарды сақтай отырып, мемлекеттік қызметтер көрсетуге немесе мемлекеттік тапсырыс нысанында бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға ұсыныс ұсынады.";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган респубикалық бюджет туралы заңның негізінде және Республикалық бюджет комиссиясының ұсыныстарын ескере отырып, респубикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері және мемлекеттік тапсырмаларды орындауға жауапты заңды тұлғаларды көрсете отырып, мемлекеттік тапсырмалардың тізбесін жоспарланған мерзімге (бұдан әрі – мемлекеттік тапсырмалар тізбесі) қалыптастырады.

Мемлекеттік тапсырмалар тізбесі:

1) мемлекеттік тапсырма нысанында жүзеге асырылатын мемлекеттік қызметтің немесе бюджеттік инвестициялық жобаның атауын;

2) мемлекеттік қызметтің немесе бюджеттік инвестициялық жобаның қысқаша сипаттамасын;

3) мемлекеттік тапсырманы орындауға жауапты республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері мен заңды тұлғаның атауын;

4) шеңберінде мемлекеттік тапсырма орындалатын Бірыңгай бюджеттік сыйыптаманың кодын көрсете отырып, республикалық бюджеттік бағдарламаның атауын;

5) мемлекеттік тапсырманы орындауға қажетті жоспарланған мерзімге бюджет қаражатының сомасын қамтиды.

Мемлекеттік қызметтің немесе бюджеттік инвестициялық жобаның сипаттамасы қысқа әрі айқын жазылады және мемлекеттік қызметтің немесе бюджеттік инвестициялық жобаның мәнін көрсетеді.";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Мемлекеттік тапсырманы орындау бекітілген республикалық үш жылдық бюджеттік бағдарламаларды республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісі мен мемлекеттік тапсырманы орындаушы арасында азаматтық-құқықтық мәміле (бұдан әрі - шарт) жасау арқылы іске асыру шеңберінде, онда нәтижелер көрсеткіштері көрсетіле отырып, жүзеге асырылады.";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Кодекстің 41-бабы 1-тармағына сәйкес мемлекеттік тапсырманы орындауға жауапты жарғылық капиталына мемлекет қатысатын заңды тұлға немесе Ұлттық әл-ауқат қоры тобына кіретін ұйым, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы немесе Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын оның ұйымы, немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық олимпиада комитеті, дербес кластерлік қор, немесе дербес білім беру ұйымы және Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын оның ұйымы (бұдан әрі – мемлекеттік тапсырманы орындауға жауапты заңды тұлға) республикалық бюджеттік бағдарлама әкімшісіне оның аясында мемлекеттік тапсырма орындалатын шартта белгіленген мерзімде орындалу барысы туралы және орындалатын мемлекеттік тапсырма бойынша тікелей және түпкілікті нәтижелерге қол жеткізу туралы есепті ұсынады.";

Қағидаларға қосымша осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бюджет заңнамасы департаменті (З.А. Ерназарова) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің қағаз және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне

енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпараттық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік көсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Зан қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Каржы министрі*

B. Сұлтанов

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігінің

2018 жылғы 25 қаңтар

№ 60 бұйрығына

қосымша

Мемлекеттік тапсырманы

әзірлеу және орындау

қағидаларына

қосымша

Нысан

**Мемлекеттік тапсырма нысанындағы мемлекеттік қызметтерді көрсетуге
немесе**

**бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға арналған ұсыныс _____
(республикалық
бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің атауы)**

№	Мемлекеттік қызметтің немесе бюджеттік инвестициялық жобаның атауы	Мемлекеттік қызметтің немесе бюджеттік инвестициялық жобаның сипаттамасы	Мемлекеттік тапсырманы орындауга жауапты занды тұлғаның атауы
1	2	3	4

кестенің жалғасы

Оның шенберінде мемлекеттік тапсырманы орындау ұсынылатын республикалық бюджеттік бағдарламаның атауы	Мемлекеттік тапсырманы орындауға жоспарланатын жоспарлы кезеңге бюджет каражатының сомасы			Мемлекеттік тапсырманының орындалу мерзімі	Мемлекеттік тапсырма нысанында мемлекеттік қызметті көрсету немесе бюджеттік инвестициялық жобаны іске асыру үшін негіздеме
	жыл	жыл	жыл		
5	6	7	8	9	10

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК